

А. Жақсыбаев<sup>1</sup> , А. Жақсыбаева<sup>1\*</sup> ,

А. Әлмұхаметов<sup>1</sup> , Х. Ғаним<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>Нур-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>Әл-Әзһар университеті, Каир, Мысыр

\*e-mail: muslimka12\_92@mail.ru

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚТЫҢ КЕЛБЕТІ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

Мақалада Қазақстандағы діни қайырымдылықтың келбеті мен әлеуметтік тәжірибелері қоғамдағы тұрмысы төмен отбасыларға, жеке адамдарға және балаларға бағытталған қамқорлықтың маңызды формасы ретінде қарастырылады. Қайырымдылық іс-шаралары мемлекет, діни ұйымдар және жеке тұлғалар тарапынан жүзеге асырылатын көпқырлы әлеуметтік құбылыс болып табылады. Зерттеудің мақсаты – діни қайырымдылықтың субъектілерін, материалдық және рухани түрлерін, сондай-ақ оның әлеуметтік тәжірибелерін жүйелі түрде сипаттау. Негізгі бағыттары қайырымдылықтың қаржылық көмек көрсету, азық-түлікпен қамтамасыз ету секілді материалдық формаларын, сонымен қатар рухани көмек пен психологиялық қолдау көрсету жолдарын талдауға бағытталған. Зерттеудің басты идеясы – қайырымдылықтың ізгілік пен руханилыққа негізделген әлеуметтік әрекет ретіндегі қоғамдағы орнын анықтау. Жұмыстың ғылыми жаңалығы – қайырымдылықтың әлеуметтік тәжірибелерін, оның құрылымдық формалары мен субъектілерін жіктеуде көрініс табады. Зерттеу барысында қайырымдылықтың материалдық және рухани формаларын жіктеу, әлеуметтік тәжірибелерін сипаттау және қайырымдылық субъектілерін талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар адамның ішкі рухани әлеміне қатысты қайырымдылықтың негіздерін саралау жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде қайырымдылықтың негізгі субъектілері (мемлекет, діни ұйымдар, жеке адамдар) анықталды. Қайырымдылықтың материалдық формасына жататын қаржылай көмек көрсету мен азық-түлікпен жәрдемдесу, рухани формасына жататын психологиялық қолдау көрсету, сөз арқылы рухани демеу беру, тегін білім мен ақыл-кеңес ұсыну, сонымен қатар, адамдардың бір-біріне көмектесуі, діни қауымдастықтың өзара сыйластығы және меценаттардың қолдауы талданды. Квазикайырымдылық жасаушылардың бейнесі де жіктеліп, олардың қайырымдылықты есеппен жасау, қайтарым күту немесе тек көріну мақсатында іске асыру ерекшеліктері анықталды. Зерттеу нәтижесінде квазикайырымдылық жасаушылардың сипаттамалары жүйеленіп, олардың қайырымдылықты есеппен жүзеге асыру, қайтарым күту немесе тек формалды түрде көрсету ерекшеліктері көрсетілді. Жұмыстың ғылыми және тәжірибелік мәні – қайырымдылық іс-шараларын ұйымдастыруды жетілдіруде және рухани құндылықтарға негізделген әлеуметтік қолдау тетіктерін дамытуда қолдану мүмкіндігімен айқындалады.

**Түйін сөздер:** діни қайырымдылық, субъектілер, ізгілік, ислам діні, руханилық

A. Zhaxybaev<sup>1</sup>, A. Zhaxybaeva<sup>1\*</sup>, A. Almkhametov<sup>1</sup>, Kh. Ghanem<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>Al-Azhar University, Cairo, Egypt

\*e-mail: muslimka12\_92@mail.ru

### The image and social experience of religious charity in Kazakhstan

Religious charity in Kazakhstan is an important support for vulnerable groups. Charitable activities represent a multifaceted social phenomenon, implemented by the state, religious organizations, and private individuals. The purpose of this study is to systematize the subjects of religious charity and to describe its material and spiritual forms, as well as the corresponding social practices. It analyzes financial and food aid alongside spiritual and psychological support. It defines charity as social action based on humanism and spirituality. The scientific novelty of this work is reflected in the classification of social practices of charity, its structural forms, and its subjects. The research methodology encompasses the classification of material and spiritual forms of charity, the description of social practices, and the analysis of the subjects involved in charitable activity. In addition, the study analyzes the foundations

of charity as they relate to the internal spiritual world of the individual. The findings identify the main subjects of charity as the state, religious organizations, and private individuals. The material forms of charity, including financial assistance and the provision of food, as well as the spiritual forms, such as psychological support, moral encouragement through words, and the provision of free education and counseling, were analyzed. In addition, mutual assistance among people, mutual respect within the religious community, and support from philanthropists were also examined. Special attention is paid to the classification of quasi-charitable actors, with their distinctive features identified, such as calculative charitable behavior, expectations of reciprocation, and demonstrative actions. The practical significance of the work is determined by the potential application of its findings to the enhancement of charitable activities and the development of mechanisms for social support based on spiritual values.

**Keywords:** religious charity, subjects, virtue, Islam, spirituality

А. Жаксимаев<sup>1</sup>, А. Альмухаметов<sup>1\*</sup>, А. Жаксимаева<sup>1</sup>, Х. Ганим<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Университет Аль-Азхар, Каир, Египет

\*e-mail: muslimka12\_92@mail.ru

### Облик и социальный опыт религиозной благотворительности в Казахстане

В статье социальные практики и облик религиозной благотворительности в Казахстане рассматриваются как важная форма поддержки малообеспеченных семей, отдельных лиц и детей. Благотворительные мероприятия представляют собой многогранное социальное явление, реализуемое государством, религиозными организациями и частными лицами. Цель исследования – систематизировать субъекты религиозной благотворительности, а также описать её материальные и духовные формы и соответствующие социальные практики. Основные направления работы ориентированы на анализ материальных аспектов благотворительности, таких как финансовая помощь и обеспечение продуктами питания, а также духовной поддержки и психологической помощи. Ключевая идея исследования заключается в определении роли благотворительности как социального действия, основанного на принципах гуманизма и духовности. Научная новизна работы проявляется в классификации социальных практик благотворительности, её структурных форм и субъектов. В ходе исследования использовались методы классификации материальных и духовных форм благотворительности, описания социальных практик, а также анализа субъектов благотворительной деятельности. Кроме того, был проведён анализ основ благотворительности, связанных с внутренним духовным миром личности. В результате исследования были определены основные субъекты благотворительности: государство, религиозные организации и частные лица. Проанализированы материальные формы благотворительности, включающие оказание финансовой помощи и предоставление продуктов питания, а также духовные формы, такие как психологическая поддержка, моральная поддержка словом, предоставление бесплатного образования и консультаций. Кроме того, рассмотрены взаимопомощь между людьми, взаимоуважение в религиозном сообществе и поддержка со стороны меценатов. Особое внимание уделено классификации образа квазиблаготворителей, выявлены их характерные черты: осуществление благотворительности с расчётом, ожидание возврата или демонстративный характер действий. Практическая значимость работы определяется возможностью использования результатов для совершенствования благотворительной деятельности и развития механизмов социальной поддержки, основанных на духовных ценностях.

**Ключевые слова:** религиозная благотворительность, субъекты, добродетель, ислам, духовность

### Кіріспе

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, атеистік қоғамдық сана ыдырып, дін өзінің қажетті арнасына бет бұрды. Діни сана қайта қалпына келіп, еліміздің көпконфессионалды саясатына орай, басқа дінге еркіндік беріліп, бірнеше діни ұйымдар мен конфессиялар құрыла бастады. Дегенмен, діни саясат пен діни заңдардың олқы тұстарына байланысты, кейбір жат пиғылды

ағымдардың таралуына ерік берілген еді. Бұл біріншіден, елімізде сол бір жылдары діни сауаты жоғары мамандардың болмауымен байланысты болса, екіншіден, әлдеқандай сыртқы және ішкі күштердің теріс ойларынан да туындап жатты. Осы тұста, феноменологиялық редукция бойынша, діннің өзін емес, оның Қазақстандағы санадағы көрінісін, яғни, дін дегенді біздің халқымыз қалай түсініп жүргендігі маңызды болып саналды. Біз қарастырып отырған діни

қайырымдылық сол жат пиғылды діни радикалды топтардың қызметі мен жалпы танымдық бағдарына қарағанда мүлде кереғар сипат алып отырды. Қайырымдылық түгілі әрқилы зұлымдық әрекеттерге баратын бұндай топтар белгілі бір деңгейде дінге деген жағымсыз көзқарастар қалыптасты. Әсіресе, ислам дініндегі теріс пиғылды жат ағымдармен күрес саясаты да осы мұсылман дінінің атын жамылған саясиленген діндермен байланысты. Әлемдегі исламофобия біздің елімізге де тарала бастады. Осыдан шынайы ислам мен жат бағыттағы діни ағымдардың аражігін қатаң ажырату керектігі сезіліп, дін туралы заңдарға өзгерістер енгізіле бастады. Еліміз зайырлы қоғам қағидасын ұстанып, игілікті нәтижелерге қарай бет түзеуге бағдарланды. Осыдан бастап, зайырлы қоғам мен дәстүрлі ислам, Әбу Ханифа мәзһабының жолын ұстану, ислам діні өкілдерінің өзіндік бір жаңа парадигмаларының руханилық үлгілері сияқты бағдарлар бірте-бірте орныға бастады. Осы тұста, діни қайырымдылық шаралары мен ұстанымдарының канондалған үлгілерін ұстану біздің еліміз үшін көнеден сабақтасқан дәурлермен жалғасын табуы да тиіс.

#### **Тақырып таңдаудың дәйектеу, мақсаты мен міндеттері**

Қарастырып отырған мәселе алдымен діни қайырымдылықтың жалпы келбетін және Қазақстандағы көрінісін зерделеп алудан басталады. Оны зерттеу үшін қоғамдық пікір, БАҚ-тардағы әртүрлі қайырымдылық және діни қайырымдылық туралы пікірлер, діни қайырымдылық туралы әлемдік және отандық ғалымдардың идеялары негіз бола алады. Біз діни қайырымдылықтың феномені ретіндегі ішкі мәніне үңілу үшін қоғамдық санадағы, қоғамдық психологиядағы, діни идеологиядағы көріністерін талдап көрсетуіміз керек. Қарастырылып отырған тақырыпты дәйектеу бүгінгі таңда оның өзекті екендігімен де байланысты. Яғни діни қайырымдылық қалай жасалады, қайырымдылық жасаушы субъектілердің көзқарасы, мінез құлқы және шынайы-шынайы еместігі қандай деген сауалдардан бастау алады.

Зерттеудің негізгі мақсаты қазіргі Қазақстандағы діни қайырымдылықтың негізгі бағыттарын әртүрлі қырынан қарастыру болғандықтан, мынадай міндеттер алға қойылады:

- Қазақстандағы діни қайырымдылықтың шынайы келбетін ашу үшін қайырымдылық жасаушылардың психологиясына үңілу;

- Діни сана мен діни қарапайымдылық жасау санасын байланыстыра отырып, субъектілердің ынтасының деңгейлерін анықтау;

- Діни қайырымдылық субъектілерінің қайырымдылық жасау жөніндегі жалпы түсініктерінің негізгі бағыттарын жіктеу және шынайылық деңгейін көрсету;

- Қазақстандағы діни қайырымдылықтың жалпылама келбеті туралы нақты қорытындылар жасау.

#### **Ғылыми зерттеу әдіснамасы**

Зерттеуде діни қайырымдылық феноменін кешенді түрде талдауға мүмкіндік беретін пән аралық әдіснамалық ұстанымдар қолданылды. Әдіснамалық негіз ретінде дінтану, әлеуметтану, әлеуметтік философия және психология ғылымдарының теориялық тұжырымдары мен эмпирикалық зерттеу тәсілдері алынды.

Алдымен, дін феноменологиясы әдісі қолданылып, діни қайырымдылықтың сыртқы институционалдық формаларынан гөрі, оның қоғамдық санадағы, діни тәжірибедегі және жеке тұлғаның ішкі рухани әлеміндегі көріністері сарапталды (Добросоцкий, 1998). Бұл тәсіл діни қайырымдылықты тек әлеуметтік әрекет ретінде ғана емес, мән-мағынасы бар рухани-экзистенциалды феномен ретінде түсіндіруге мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында психоәлеуметтік және психоаналитикалық талдау элементтері пайдаланылып, қайырымдылық жасаушы субъектілердің мотивациялары, ниет құрылымы, ішкі психологиялық ұстанымдары мен мінез-құлық модельдері қарастырылды (Фромм, 1990). Атап айтқанда, шынайы қайырымдылық пен квазикайырымдылық арасындағы айырмашылықтарды анықтау үшін тұлғаның ішкі рухани ниеті мен сыртқы әрекетінің сәйкестігі талданды.

Сонымен қатар тарихи-салыстырмалы әдіс (Мюллер, 1870) арқылы қайырымдылықтың дәстүрлі қазақ қоғамындағы, ислам өркениетіндегі және қазіргі Қазақстан жағдайындағы формалары салыстырылып, олардың сабақтастығы мен трансформациясы көрсетілді. Бұл әдіс діни қайырымдылықтың ұлттық-мәдени кодпен, дәстүрлі дүниетаныммен және заманауи әлеуметтік шындықпен байланысын ашуға мүмкіндік берді.

Зерттеуде құрылымдық-функционалдық талдау қолданылып, діни қайырымдылықтың субъектілері, формалары, деңгейлері және әлеуметтік функциялары жіктелді. Аталған тәсіл қайырымдылықтың қоғамдағы реттеушілік, бі-

ріктіруші, гуманистік және компенсациялық қызметтерін анықтауға жағдай жасады.

Эмпирикалық деректерді талдау үшін контент-анализ әдісі пайдаланылды. Бұл әдіс бұқаралық ақпарат құралдарындағы, интернет-ресурстардағы және қоғамдық пікір кеңістігіндегі діни қайырымдылыққа қатысты материалдарды сараптауға мүмкіндік берді (Биекенов, 2007). Сонымен қатар, қолжетімді дереккөздер негізінде сапалық талдау жүргізіліп, діни қайырымдылықтың қоғамдық қабылдану деңгейі мен бағалау сипаты айқындалды.

Осы әдістердің жиынтық қолданылуы діни қайырымдылықты біржақты емес, көпқырлы әлеуметтік-рухани құбылыс ретінде зерделеуге, оның Қазақстан қоғамындағы нақты келбеті мен әлеуметтік тәжірибелерін ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді.

### Нәтижелері және талқылама

Діни қайырымдылықтың көнеден келе жатқан дәстүрлерінің өзіндік тарихи-мәдени кеңістігі бар болатын. Соның сабақтастығын қайтадан сақтау діннің реттеушілік және гуманистендіру қызметіне сай келеді.

Жалпы алғанда діни қайырымдылықтың өзі не екендігі түсінікті аксиома. Дегенмен, бұл жалпы кең ұғым болғандықтан, оны құрылымдық-функционалдық тұрғыдан (Леви-Стросс, 2007) мынадай түрлерге логикалық тұрғыдан жүйелеп психоәлеуметтік картина бойынша ажыратып алуды жөн көрдік. Қайырымдылық жалпыадамзатқа тән (Хлякин, 2004) болумен қатар қазіргі Қазақстан картинасында да қайталанып отыратын құбылыстар.

1. Қайырымды іс-шаралардың тұрмысы төмен отбасыларға, жеке адамдарға, балаларға деген қамқорлық субъектілері.

- *мемлекет тарапынан.* Қайырымдылықтың бұл түрі діни сипат алмаса да, кейде қоғамдық санадағы «сауап», «обал» т.б. түсініктерден тамыр тартады. Билік басындағылардың өзі «кісі ақысын жемеу», «Құдайдан қорқу» деген сияқты императивтермен бейсаналы түрде болса да құрылымданады. Мемлекет негізінен алғанда арнайы бағдарламалармен жұмыс жасайды, ал кездейсоқ жағдайларда оған да дайын болу керек. Негізінен алғанда, Самұрық қазына мен қазіргі құрылып жатқан қорлар материалдық жағдайы төмен адамдарға жәрдем көрсетуге арналған. Қ. Тоқаевтың бастамасымен құрылған қор және оның магнаттардан жиналатын қар-

жылық қоры бүкіл халықтан емес, аса дәулетті адамдардың қолдауымен филантроптардың де-меуімен жасақталуы тиіс. Егер де, сол магнат дінді мығым ұстанатын болса, ол қорға циклды түрде ақша аударып тұруы да тиіс.

- *діни ұйымдар тарапынан.* Діни ұйымдар тарапынан қолдау көрсету бірнеше жылдық тәжірибесі бар игілікті істердің бірі (Тихонович, 2021)

Елімізде де, шіркеу, мешіт институттары жыл сайын қайырымдылық шаралар өткізіп тұруға да тиісті. Дегенмен, діни ұйымдардың арнайы қайырымдылық жасауға арналған қорлары жоқ. Себебі, оны мемлекет қаржыландырмайды. Бірақ оның біздің қазіргі Қазақстан қоғамында арнайы ресми форматтарының құрылымдануы деңгейі аса жоғары емес. Әйтсе де, олар рухани көмек қолын созуға үнемі дайын тұрады.

- *жеке адамдар тарапынан.* Ешқандай мемлекет немесе діни ұйымдардың нұсқауынсыз өзінің жеке мүліктік-қаржылай қорларынан жәрдем беріп отырады және жәрдем берушіні өзі еркін таңдайды. Ол жәрдем беруші тұлға қандай дінді ұстайтындығы тіптен маңызды емес сияқты. Жеке тұлға өзінің және отбасының шешімімен қайырымдылық шарасын ұйымдастыра алады. Ол кең масштабта және циклды түрде шағын көлемде жүзеге асып жатады. Мәселен, Қазақстандағы бала бақша ашуға дейін барған, жетімдер үйінен бірнеше бала асырап алған отбасы негізінен алғанда қайырымдылық шаралар жөнінде ең озық, үлгі аларлық, нағыз шынайы адамгершілік пен қайырымдылықтың шыңына ұмтылып бара жатқан рухани отбасы деп айта аламыз. Қайырымдылық жасау жалпы қазақ халқына тән қасиет (Баллюзек, 2006) екендігіде негізге алынады.

2. Қайырымдылық шарасының материалдық формалары:

- *Қаржылай көмек беру.* Діни қайырымдылық шарасы бұл тұста материалдық, оның ішінде, қаржылай көмекпен өлшенеді, оның артықшылық жақтары – зәру адам өзіне тек аса қажетті дүниелерді сатып алуына ерік беріледі. Қаржылай көмек алушы берілген қаржыны үнемдеп, өзі қайда, қалай жұмсауына ерік беріледі. Әрине, ол берілген немесе жиналған қаржылай көмектің мөлшеріне байланысты болмақ. Негізінен алғанда, қаржылай көмек, екінші бір қырынан алғанда, нағыз қиналған шақта жұмсалатын қор ретінде минакапитал түрінде сақталады.

- *Заттай көмек жасау.* Оның өзі екі түрлі, біріншісі, «тым болмаса» деп атауға болатын-

дай «секонд ханд», яғни, болмашы ескі ұсталған заттармен, мүліктермен, киімдермен қамтамасыз ету. Екіншісі, аса қажетті барынша көлемді қаржы жұмсауды қажет ететін мүліктер алып беру. Мәселен, ескі қирағалы тұрған үйлерінің орнына жаңа үй-жай сатып әперу т.б. Заттай көмектің бір артықшылығы ол диттеген нүктесіне дәл түседі және басқалай мақсаттарға жұмсалып кетпеуді қамтамасыз ететін ұзақ мерзімдік өмір сүру стратегиясымен келіп сабақтасып жатады.

- *азық-түлікпен жәрдемдесу*. Бұл дәстүр халқымызда бұрыннан-ақ қалыптасқан үдеріс болатын. Оның құндылығы 1932-1933 жылдардағы ашаршылық кезінде анық байқалды. Дегенмен, бұндай үрдіс әлемдік деңгейде де кездесетін гуманитарлық көмек ретінде қабылдануы тиіс, ол мол азық-түлік тағамдарын зәру жандарға жөнелтумен шешімінің тауып келеді. Себебі ең бастысы адамға керегі, алдымен, қорек, табиғи-биологиялық қажеттілік. Сондықтан да, қазіргі таңда садақа беріп, қан шығарып мал сойған уақытта оның бір бөлігін ең мұқтаж жандарға бөліп таратып беру де осы азық-түлік қайырымдылығының бүгінгі заманға трансформацияланған үлгілері деп айта аламыз.

3. Адамдардың бір-біріне деген қол ұшын беруі;

- *материалдық жағдайының төмен немесе жақсы екендігіне қарамастан берілетін көмек*. Қазіргі Қазақстан халқының басым бөлігі осындай қағида мен стиль бойынша өмір сүріп келеді. Бұл тұста, аса дәулетті, дәулетті, орташа, орташадан төмен адамдар да бір-бірімен ынтымақтастық қатынаста болып, нағыз қажетті, уақытша таршылық көріп қалған жағдайда қол ұшын бере береді. Мәселен, отбасындағы туысқаны қайтыс болған жағдайда, ол адам қаражатқа зәру-зәру еместігіне байланысты емес, бата оқу деген концептуалды өмірмәнділік түсінік арқылы бір-біріне қол үшін әр түрлі жағдайда бере береді, заманға байланысты қаржы аудару салады.

- *діни ұжымдық қауымдастықтың бірін-бірі сыйлауы арқылы қайырымды істер жасау*. Бұл тұста алдымен, ресми қауымдастық, одан соң мұсылман жамағаты деген бірлестіктер бойынша халықтың өзіндік бір ресми емес «рухани конкорциум» іспеттес тұтастық құрып алуымен өлшенеді. Олар белгілі бір ұйымдар немесе діни мақсаттағы мүдделестердің мистикалық тілмен айтқанда, «эрегро парадигмасы» арқылы саналы-бейсаналы түрде жүзеге асып отыратын қайырымдылық шараларын орталық түсінікке

айналдырған микро топтар арқылы жүзеге асып жатады.

- *меценаттардың жалтыхалыққа деген көмегі*. Меценаттар қайырымдылық қорларына қаражаттар аудару арқылы көмектерін білдіреді. Кейде басқаша қырынан келеді, мәселен, мешіттер салып беру де қайырымдылық көмекке жатады. Әрине, кейбір дәулеттілер өздерінің көмектерін жарияламауды сұрайды, сондықтан да, оның нақты айғақтары мен статистикалық ақпараттарын ұсыну қарастырылмаған. Ондай филантроп меценаттар кез-келген сәтте барынша қол ұшын беруге дайын болып саналатын рухани жетілген тұлғалар.

4. Рухани көмек немесе психологиялық қолдау білдіру

- *сөз арқылы рухани компенсация жасау*. Қайырымдылықтың басқаша форматтары, оның ішінде, рухани-психологиялық көмектің өзі басты өмірмәнділік мазмұн деп есептейтін дүниетаным арқылы құрылымданған шаралардың жиынтығы. Олар лингвистикадағы сөздің эмоционалды-экспрессивті ықпалын бейсаналы немесе интуитивті түрде ұғынған да шығар, бірақ сөздің өзінің адам санасына ықпал ете алатындығын жете түйсіне отырып, материалдық болмаса да, психологиялық қайырымдылық жасауды негізге алады. Мәселен, отбасында біреуі қайтыс болған үйге барып бата оқу немесе оны жұбату, көз жасына ерік берген жандарды игілікті ниетпен алдаусыратуы, көңілін бір сәтке басқа жаққа бұру т.б. осының айғағы. Шындығында, бұндай көмек, сол сәтте миллиардтаған қаржыдан да кем түспеуі мүмкін немесе ықпалы жөнінен артып та кетуі ықтимал.

- *коммуникациялық прагматистік ықпал етулер*. Бұл негізінен адамдар арасындағы қарым-қатынастың мағыналығы мен құндылығына сүйенеді. Бұл тұстағы қайырымдылық шара адамдармен қарым қатынастар арқылы бірте-бірте өмір сахнасына қарай өрлей беруге ықпал етеді. Мәселен, жұмыссыз, жағдайы нашар адамды сөйлесу арқылы жұмысқа орналастырып беру, ықпалды адамдармен «таныстыру» негізінде қамқорлыққа мұқтаж адамдарға басқа біреу арқылы медиатор қызметін атқару, қиын жағдайдағы кикілжіндерді шешіп беруде «арағайын» болу т.б. Бір артықшылығы ол қайырымды іс жасаушылар тарапынан қаражатты қажет етпейді. Бірақ прагматизм болғандықтан, ол нақты істер мен нәтижелермен жабдықталуы тиіс.

- *адамның ішкі рухани дүниесін кеңейту*. Бұл қазіргі таңда ақылы психологиялық тренингтер,

ресми психологиялық дағдарыс орталықтары т.б. арқылы жүйеленіп келеді. Дегенмен, бұл орайда діни идеологиялар ақпараттық желілер арқылы белсенді қызмет етіп отыр. Себебі, діни идеологияның өзі соған тағайындалған. Ол дегенмен, барынша ерікті тыңдаушы аудиторияның спикерлерге өз бағасын беруімен келіп тиянақталады. Әйтсе де, рухани дүниені кеңейтуді мақсат еткен тренерлер, спикерлер қарсы немесе өзіне жағымсыз баға беруге аса мән бермейді және өзінің идеялары сенімді болған жағдайда оны арттыра түседі. Ең бастысы олар қайырымдылық мақсатта рухани көмек беруге деген талпыныстар интуитивті аясында қызмет етуге әрқашанда ақысыз түрде дайын болып отыр.

- *екі тарапты бітістіруші медиакорпус.*

Бұл – кикілжің жағдайына келген отбасы жұптарынан бастап, саяси-әлеуметтік масштабта екі ел арасындағы қайшылықтарды реттеуге дейін ұласатын тұтас медиакорпус. Бұл тұста, медиатор ешқандай пайда көздейді, әлдеқандай бір адамгершілік барамотрлері болса, жоғары шкалада болатын тәрізді. Бұл әсіресе, жанжалдасушы екі жақтың біріне айтарлық моральдік шығын келетіндігін ескеру керек жағдайда іске қосылатын стратегиялық механизмдердің бірі. Бұл да діни немесе діни емес сипат алады. Бұл іс-қимыл да біздің қазақ халқының дінінде бар. Ресми түрде тағайындалуы билер институтынан көрініс тапса, ресми емес түрі «басу айту» деген қазақтардың дүниетанымындағы игілікті-қайырымды іс-шаралардың бірінен саналады.

- *әр түрлі түсінбеушіліктерге рухани кеңес беру.* Бұл тәсіл де кеңес беруші тарапынан объектінің адасу жағдайында екендігін терең түйсінгендіктен және өзіне деген сенімділіктен туындайтын белсенді әрекет. Бұл да ешқандай қаржыны талап етпейді және билік тарапынан да болатын ұсыныстар арқылы өлшене бермейді. Рухани кеңес қазіргі таңда психологиялық кеңестерден бастап, әр түрлі теориялық-әдіснамалық нұсқаулықтар арқылы жүріп отырады. Мәселен, дінтанушы ғалымдардың қазіргі қоғамымыздағы діни күрделі және қайшылықты климатты шешіп беруге деген теориялық-түжырымдамалық ұсыныстарынан да анық байқалады. Бірақ бұл қайырымдылық іс-шара ретінде арнайы аталмаса да, шындығында, концептуалды мәселелерді шешетін ғылыми, парасатты ой деңгейінің іргелі мәселелерді шешуге қабілетті идеялары мен пікірлерінің жиынтығынан тұрады.

- *тегін білім мен ақыл-кеңестер беру.*

Ақыл – кеңестер беруші тұлға тағдыр тағайын-

даған осындай игі істерге бағдарланады. Ол кейде БАҚ арқылы көпшілікке немесе жеке бір адамдарды нысанаға алатын елеусіз көмектердің бір түрі. Тегін білім тәрбие мен пікірталастар арқылы өрбиді. Тегін рухани стихиялы біліммен қаруландырушы оны өзі де сезбеуі ықтимал, дегенмен, ол адамның өмірлік болмысын өзгерте алатын игілікті ықпалдармен келіп сабақтауы да ықтимал. Мәселен, шындығында, діни білімдер де тегін және ұстаз ресми түрде одан қаражат та сұрамайды. Бірақ бұл тұста, сол білім берушінің өзінің интуитивті мен ішкі имманентті ұмтылыстары арқылы өздігінен стихиялы түрде жүзеге асып отыратындығын да ескерген жөн. Бірақ оның ықпалы материалдық көмектен бірнеше есе артық болуы да мүмкін, себебі, бұл өмірдің білімі. Сонымен қатар, қайырымдылық ұйымдары да қазіргі таңда ресми түрде тегін немесе жеңілдетілген білім беру мәселесімен айналысады, бұл академиялық білім беру бағытында жүзеге асады.

5. Талап етілген қайырымдылықтар

- *мемлекет тарапынан қойылатын талаптар.* Мемлекет негізінен қайырымдылық жасауға талап қоймайды. Бірақ жуық арада Қ. Тоқаевтың бастамасымен құрылған халықтық қорға меценаттардың ақша құюы тиіс екендігін Президент атап өткен болатын. Сондай-ақ, кезінде Қазақстан жеріне қоныс аударушы басқа халықтарға қайырымдылық жасау қатаң болмаса да, мемлекет тарапынан нұсқаулармен жүзеге асырылып отырылды. Кейде қызметкерлерге «бір күндік жалақына аудару» деген өндіріс басшыларының үндеулері жарияланып, сол ақшаны жалақыдан ұстап қалатын жағдайлар да кездеседі.

Бұндай топтарға мемлекеттік деңгейде ресми түрде заңды қайырымдылық қорын ашып, халыққа, оның ішінде мұқтаж жандарға көмектесу үшін барынша жүйелі қызмет ететін ұйымдарды да жатқызуға болады. Өйткені, олардың басқа қызметтермен шұғылдануға мүмкіндігі мен құқықтары да жоқ, жарғыларында тек қайырымдылық шараларын ұйымдастыру мен нақты көмектер беру көзделген. Бұлардың қаржыландыру көздері, қалталы азаматтар мен халық, шет елдік компаниялар болуы да ықтимал.

- *діни шарттар бойынша құрылымданған императивтер.* Діни шарттар қайырымдылық жасау қажет екендігін идеологияландырады. Пітір, зекет, садақа т.б. мөлшерін бекітіп береді. Қоғамдық санада «пітір бердің бе?» деген сұрақ өздігінен-өзі оны беруге міндеттеп тұрғандай болады. Құрбандық шалу да дін өкілі орындауы

тиіс шарттары болып бекітіліп кеткен. Бұл түста, «Құдайдан қорықпайсың ба?» деген императивтік сауалдар іске қосылады. Сондықтан, сол діннің өкілі Құдайдың бұйрығын орындаушы ретінде ғана қызмет етеді.

- *ішкі рухани жан дүниесін қанағаттандыруға бағдарланған әрекеттер*. Ол әрбір адамның өзінің психологиялық күйіне байланысты. Қоғамдық психологияда «қайырымдылық жасамадым-ау», «құрбандық шалмадым-ау» деген сияқты мазасыздық туғызатын психология қалыптасады. Мәселен, белгілі бір ауыр жағдайдан, өлім аузынан аман қалған жағдайда құрбандық шалып, оның етін таратып беру немесе ас беру т.б. осыған жатады. Ол аман қалғандығына шүкіршілдік етіп, көпшілік қоғамдық санада «қан шығару» деп аталады. Немесе, белгілі бір жетістікке жетсе де осы дәстүр қолданылады. Ол сол адамның өзінің ішкі рухани психологиялық дүниесінің жай табуына, тағаттануына келіп тіреледі.

6. Адамның ішкі рухани дүниесіндегі қайырымдылықтар.

- *еркі бойынша өлшеусіз жасалатын қайырымдылықтар*. Бұндай адамдар көне Қытай философы Мэн-Цзыдың «адам тумысынан ізгілікті» қағидасымен өмір сүреді. Олар пітір, садақа сияқты белгіленген сомамен емес, өзінің мүмкіндігі бойынша қайырымдылық жасауға бейім тұрады, солай жаратылған жандар деуге де болады. Мәселен, 2020 жылы 24 қазанда арнадан көрсетілуге тіркелген «Шынайы махаббат» атты фильмдегі кедейлеу отбасының 19 қаңғыбас баланын асырап алып, өсіріп, бәрін құтты өмірдің орындарына қондырғандығы туралы көркем фильм 1970 жылдардағы Қытайдағы болған оқиға ізімен жазылған.

- *қайырымдылық жасауға тағайындалған адамдар*. Елімізде рухани таза, мейірімді, филантроп жандар да бар. Олар өздерінің жасаған қайырымдылықтары мен жақсылықтарын ұмытып та кетеді. Керісінше, өмірде жолы болмай қалса, басқалай қиындықтарға тап болса, бұл қайырымдылық жасамай кеткен сәттердің көрінісі-ау деп ойлап қынжылады. Адамдарға көмектесуге бейім тұрады. Ал бұл шектен шыққан уақытта альтруизмге айналады. Олардың өмірі тұтасымен дерлік қайырымдалыққа арналған, болмысы мен қанына сіңірілген, бірақ олар осындай қайырымды іс-шаралар атқарып жүрмін деген ойда да болмайды.

- *қайырымдылықтың қайырын ойламайтындар*. Бұндай адамдардың психологиясын қазақ

«ақкөңіл», «аңқылдақ», «аузын ашса, көмекейі көрінеді» деп сипаттайды. Бұндай адамдар өмірге ризашылықпен қарайтын оптимистер, реті келсе, қайырымдылық жасап жүре береді және оны аса бір үлкен іс деп те ойламайды. Тіпті солай болу керек екен немесе олай емес деген сияқты верификациялар олардың санасында болмайды. Ол адам тіпті қандай-ма болсамасын дінді ұстанса да, ұстанбаса да қайырымдылық жасай береді. Қайырымдылықты діни қағидаттарды сақтау бойынша емес, өз еркімен діни сеніміне қатыссыз да жасайды.

7. Қайырымдылыққа ниеттенген рухани таза адамдар ғана.

- *«жомарт қолын жоқ байлайды» деген өмірлік тағдырға тағайындалғандар*. Олар ешқандай іргелі қайырымдылықтар жасай алмайды, тіпті мүлде жасамағандар да бар шығар. Бірақ оның ішкі рухани ниеті таза, материалдық жағдайы төмен. Сондықтан да, олар ниеттеніп отырудан басқа амалдары да жоқ. Олай болса, олар ешкімге, ешқашан да жамандық ойламау керек деп санайтын қоғамдық пікірдегі бар құбылыспен келіп ұштасып жатады. Олар көп жағдайда, тек бір Құдайдан жәрдем сұрайды, «Құдай бәрін көріп тұр» деген концепттермен өзінің ішкі дүниесін тыныштандыра алады.

- *ниеті таза бірақ ешнәрсе жасамайтындар*. Сондай-ақ, ниеттері таза, дінге деген сенімдері де әр түрлі. Бірақ, қайырымдылық жасау оларға тағайындалмаған. Ол жомарт немесе кедей, не бай, не зиялы қауым болмасын әлеуметтік топтық ерекшеліктері әр түрлі болып келеді. Осы топтар шындығында, психоәлеуметтік зерттеулерді қажет ететін ерекше феномен. Ешкімше де жақсылық жасамайды, тек өзінің интроверттелген шешімдерімен өзі-үшін – бақытты жандар болып саналады. Бірақ олар, сәйкесінше, ешкімнен де қайырымдылық күтпейді, тек шүкіршілдік арқылы отбасылық өмір бақытын басты құндылық санайды.

8. Квазикайырымдылық жасаушылар

- *тек «белгілену» үшін ғана аздаған ниет білдірушілер*. Қоғамдық санада қайырымдылық жасау керек, пітір-садақа, зекет беру қажет, құрбандық шалу сияқты салттарды жай ғана орындау үшін, «берілсе болды ғана» деп, оның ішкі рухани тазалыққа бағдарланған күйі мен қадірқасиетін бойлай бермейтіндер де бар. Бұндай адамдар халыққа немесе өзгелерге өзінің болмашы қайырымдылықтарын үнемі жариялауға құштар болып келеді және оны өзіндік мақтаныш сезіммен демонстрациялайды. Мұсылман

дінінде бұндай қайырымдылықтар Құранда да (Анарбаев, Әкімханов, 2015) айтылған, бұл әрекет пен акт өзгелер көру үшін жасалса, ол жалған болып есептеледі.

- *маған кері қайтсын деп қайырын күтіп отыратындар*. Бұндайды «халқымыз құдайдан қайтсын» деп гуманистендіреді. Жасаған жақсылығыңның қайырын тілеу, ол жақсылыққа жатпайды. Дегенмен, өздерінің жақсылықтарын тізімдемелеп, кей сәттерде қайғылы жағдайға, қиындықтарға тап болғанда, соншама жақсылық жасап едім, құдайға не жазып едім деп күйініш білдіретін сана да кездесіп қалады. Тіптен, кездейсоқ жағымсыз жағдайға душар болғанда, осы жолғы қайырымдылығым қайтпады деп «алу-берушілік» санамен өмір сүретіндер де жоқ емес.

- *есеппен өмір сүріп, қайырымдылық жасап, оны кейін бірнеше есе қылып қайтарып аламын ғой дейтіндер*. Бұндай қайырымдылықтар мәселен, исламбанктердің жұмыс жасауымен келіп үндеседі. Әрине, олар банктер пайда табуға ниеттелген, бірақ ислам дініндегі өсіммен несие беруге болмайтындығын түйсініп, оның басқаша жолдарын қарастырады. Демек, кейіннен еселеп қайтарып алу пайғылы болады. Ондай қайырымдылық жасаушы жеке тұлғалар жасаған қайырымдылықтарын «капитал», «инвестиция» ретінде сезінеді. Қайырымдылықты жасайтын адамдарын тандайды, болашақтан үміті бар адамдарға, уақытша ғана қиналып жүрген субектілерді ғана елеп ескереді, егер мүсәпір адамның келешекте қайта өркендеу мүмкіндігі жоқ болса, ондайларды назардан тыс қалдырады. Оны «қайырымдылық эффектісі» деп атайды.

- *қайырымды, мейірімді, ізгілікті болып көріну үшін және өзінің қатарын көбейте түсу үшін ғана шағын, болмашы көмектер көрсетіп алдаусырататын прозелитизм* (Шубаева, 2011). Бұл әсіресе, сектанттық, жат бағыттағы діни ағымдар өкілдерінде жиі кездесетін жағдай. Бірақ олар негізінен алғанда, барша қоғамдық көпшілікпен қатар, әлеуметтік мәртебесі жоғары, билік басындағыларды және қоғамға ықпалды азаматтарды, сонымен қатар білімді адамдарды өзіне тартуды мақсат етеді. Сол адамдардың атқаратын өздері үшін құрылымданған идеологиялық қызметтері арқылы арқылы шығарған шығындарын бірнеше есе қайтарып алуды көздейді, олар бейне бір «діни инвестиция», «болашаққа салынған капитал (депозит)» сияқты болып қабылданады.

- *діни қайырымдылық ұйымдарын құрып алып, қор басшыларының қаржыны жеке мүд-*

*десіне пайдаланушыларды атап өтуімізге болады*. Олар халықтан, кәсіпкерлерден түскен қаржының белгілі бір бөлігін өз мақсаттарына жұмсайды да, аз ғана істері арқылы өздерін өздері жарнамалайды. Бұл қорлар ресми түрде тіркелгенмен, есеп беріп отыруға тиісті болса да, үкіметтік емес ұйым болғандықтан, қызметтері мен қаржылық операцияларында барынша еркін болғандықтан, кейде мемлекет тарапынан бақылау да қиынға соғады (Мүслім, 2021).

Осы тұста, квазикайырымдылыққа айналып кетпес үшін «өзгелерге жарияламаудың» діни мәтіндерде кеңінен тарқатылатындығын да және бұл түсініктің мазмұнындағы, астарындағы мәнінің өзіндік өмірмәнділік философиясы бар екендігін де келтіре кетуіміз керек:

1. «Ниетті дұрыста. Жақсылықты тек Аллаға арна. Жақсылық жасауға бағыт алған адам, ең әуелі: «Мен бұл амалымды тек қана бір Алланың разылығына арнаймын» деп ниет еткені абзал. Себебі, ізгі амал 100 пайыз Аллаға арналғанда ғана иесіне Ақыретте орасан зор пайда алып келеді. Себебі, адам тез ұмытады, ал, Алла шаңның тозаңындай жақсылығыңды ұмытпайды...

2. Жақсылықты есеппен жасама. Рахмет күтпе. Жақсылығыңды міндет етпе. Алла жолында не берсек те, қандай қайыр-жақсылық қылсақ та, сөзсіз, ол өзімізге қайтады! Туысына немесе танысына жақсылық жасаған кейбір адамдардың аузынан кейде: «Кезінде осындай қайыр қылып едім», «осынша беріп едім», «жұмысқа тұрғызып едім» деген секілді сөздерді естіп жатамыз. Немесе, ата-енесіне деген қызметін «келінім не күйеу балам да ертең мені осылай сыйласын» деп, яки «менің де балаларыма осындай жақсылық қылынсын» деп, қылмақ қайырын есепке құрып жататындар да бар.

3. Жақсылықты жасаған соң, оны ұмыт. Бір істен соң тояттап, тоқтап қалма. Кейде жасаған болмашы бір жақсылығымыз өзімізге ірі көрініп, нәпсімізге тау қопарып тастағандай күй сыйлауы мүмкін. Жақсылығыңның шырын дәміне рахаттанып, қуанған әрине жақсы. Алайда, бұндай сезімде көп жүріп қалу келесі бір жақсылықтарды елемеуге алып келуі мүмкін. Сонымен қатар, жасаған жақсылығыңды ұзақ есте ұстау – адамдардан мақтау дәметуіне, адамнан қайтарым күтуіне немесе міндетсінуге алып келуі де мүмкін. Сол себепті де қандай үлкен қайыр қылынса да дереу оның ұмытылғаны жақсы.

4. «Мен жасадым» деп өз-өзіңе сүйсінбе. Әбу Зу-Жимһир: «Алладан қорықпаған адам: тілін тыймайды, жүрегі харам күдіктен арылмайды,

өзін риядан құтқармайды және өзіне-өзі тамсанумен болады», – деген екен. Ақиқатында, қай амалымыздың Алла алдында қабыл етіліп, қай амалымыздың зая кетуде екені бізге беймәлім. Ең кішкентай амалдың өзі ниетіміз арқылы үлкейтілуі мүмкін. Немесе біз үлкен санаған амалымыздың Алла құзырында қауырсын құрлы салмағы да болмауы мүмкін.

5. Күлімсіре. Жұмсақтық таныт. Алла тағала: «Жақсы сөз және кешірім – артынан реніш араласқан садақадан қайырлы», – деген (Анарбаев, Әкімханов, 2015, 44 б.). Шын мәнінде, адамның бауырымен қарым-қатынаста шынайы әрі жұмсақ болуының өзі үлкен жақсылық. Қайбір істе жұмсақтық болса, ол сол іске көрік береді. Нәби (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Жұмсақ мінезді бол! Ақиқатында, жұмсақ мінез – адамды көркемділіктен басқа ешнәрсеге алып бармайды. Жұмсақ мінезді болмаған адам ұятқа қалады».

6. Жасаған жақсылығыңды жасыр. Сахабалар, әуелгі ізгілердің ізгілік істеудегі іздеріне қарасаңыз Әбу Хазим Саләма ибн Динар: «Өздеріңнің қайырлы істеріңді тіпті зұлымдықты (күнә, жамандықтарыңды) жасырғаннан да қаттырақ жасырыңдар», – деп өсиет қалдырған.

7. Жақсылықтың ең азы болса да оны мәнсіз қойма. Мүмкін, дәл сол кішкентай ғана игі амал сізді үлкен сауаптарға қауыштыратын шығар. Ең бастысы, қандай көлемде болса да жақсылықтың ықыласпен, Алла үшін жасалғаны маңызды. Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Мұсылман бауырыңды күлімсіреп, жарқын жүзбен қарсы алудың өзін, жақсылық атаулының ешбірін азсынба», – деген (Ramazan.muftayat.kz, n.d.).

8. Мүлде бейтарап жандар. Бұлар әрине, діни қайырымдылық жасау жазықтығына қатысы жоқ сияқты болып көрінсе де, ғылыми теориялық талдауларымыз үшін пассивті қатысушы жақ ретінде маңызды субъектілер болып табылады. Олар үшін қайырымдылық мәселесі аса маңызды емес, қайырымдылық пен игі істер жасау қимылдарынан мүлде ада және оны тек жай ғана қоғамдық пікірлердің бірі ретінде санайды. Бірақ мүлде жоққа да шығармайды. Қайырымдылық жасамау керектігі жөніндегі пікірлерге де қосылмайды, қайырымдылық іс-шаралар заман ағымы ретінде құрылымданған бейне бір өзіне қатысы жоқ құбылыс ретінде қабылдайды. Бұдан қоғамдағы қайырымдылық климатқа еш зиян да, пайда да жоқ.

Осындай жіктеулер мен сараптамаларға сүйене отырып, дінтанулық, әлеуметтанулық, фи-

лософиялық ойлардың қайырымдылыққа қатысты қырларына да тоқталып өтуімізге тура келеді.

Негізінен адамзат руханиятында, философияда, жалпы алғанда, антиқайырымдылық бағдарлар да кездеседі. XX ғасыр басында пайда болған прагматизм ағымының өкілдері, оның ішінде, утилитаризм бағыты адамзат өмірінің барлық қағидаттары мен өмірлік шарттарын осы материалдық пайдаға алып келіп тірейді. Немесе, Лоренцо Валла адамзат арасындағы қатынастардың барлығы өзара пайдаға негізделеді деп гедонистік ыңғайға қарай бұрылады: «Ләззат алу – рахат кешуге ғана бағдарланады және ол адам өміріндегі құндылық болып саналады, адам қайырымдылық жасамай да ғұмыр кеше алады, қайырымдылық деп жүргендеріміз негізінен алғанда пайда мен сол ләззат алуға ғана негізделген дей келе, шәкірт пен ұстазы арасындағы қатынас та өзара пайдаға негізделген – ұстазы шәкіртінен болашақты күтеді, ал оған шәкірті ұнамаса, ол қатынас жасамайды, тіпті ата-ана мен баланың қарым-қатынасы да осындай өзара қанағаттану мен пайда күтуге бағытталады; ер адам мен әйелдің жұбы да өзара рахаттануға ғана ұйымдасады» (Лоренцо, 1969).

Ал көне Қытай данышпаны Мэн-Цзы адам баласының тек ізгілікті болып жаратылғандығы туралы пайымдайды. Адамдарға ізгілік рухы себілмеген болса, онда олар адамгершілік нормаларын қалай сақтап келеді деген сауал тастайды.

Міне осы екі кереғар пікірден біз отанымыздағы қайырымдылық шаралардың жүру бағдарын туындатуымызға болады. Осы тұста, «Еліміздегі қазіргі таңда қайырымдылық шаралардың аясы тарылып келе ме, әлде өрістеп келе ме» деген сауал туындайды. Шындығында, қайырымдылық шаралар туралы елімізде нақты статистикалық ақпараттар жоқтың қасы. Дегенмен, қайырымдылық шаралардың жалпы психологиялық-әлеуметтік климаты мен тәжірибелеріне қоғамдық пікірлерге сүйене отырып, мағлұматтар жинақтауымызға да болады.

Бұл біріншіден, жоғарыда айтылған Мэн-Цзыдың пікірлеріне аналогиялық түрде қазақ халқындағы мыңдаған жылдар бойы сабақтасқан ұлттық кодтағы этикоцентризмге келіп тіреледі.

Қазақ мәдениетін зерттеуші Т. Ғабитовтың пікірінше, Зорастрим сеніміндегі ізгілік рухы мен зұлымдық рухының мәңгілік күресінің сарыны адамзатқа алғаш рет жақсылық пен жамандықты үйреткен (Ғабитов, 2007).

«Дегенмен, түркі ойшылдарының басымдық танытатын философиялық ойының бастап-

қы бағдары халықтың тарихи діліндегі этикалық негіздерге арқа сүйейді деген пікірді шешімді түрде айта аламыз», - деп тұжырымдаған ұлттық құндылықтарды зерттеушілеріміздің пікірі де осыны айғақтайды (Әлжанов, 1995).

Демек, діни қайырымдылық жасаудың сан мыңдағн жылдар бойы қалыптасқан, генімізде сақталған өзіндік руханияттық терең тамырлары бар деген сөз. Бұл халқымызда жетімдерді асырап алу, жеңгесін әйелдікке алып, оның балаларын інісі өз қамқорлығына алу, қазақ даласында абақтының болмауы – қылмыскерге барынша кешірімшіл болу, мұқтаж жандарға қол ұшын беруге ұмтылып, дәулетті адамдардан ресми емес, өмірлік қулықпен алынатын «салық» сияқты Алдаркөсе бейнесінің болуы, Атымтай жомарт аңызының желісі, барымтаға кеткен жылқыны күш көрсету арқылы қайтарып алу, көршімен тату болып, мұқтаждықтарын өзара өтеп отыру т.б. арқылы көрініс тауып отырғандығы тарихи шындық.

Қадыр Мырзаәлі айтқандай:

«Бір жаманы үйленіп жеңгесіне,  
Бір жақсысы жесірін қаңғытпаған...  
Тату-тәтті көршілер шыр бұзбаған,  
Бірге тонып суықта, бір мұздаған.  
Бір жаманы – сонда да үй салмаған,  
Бір жақсысы – абақты тұрғызбаған...»  
(Мырзаәлі, n.d.).

Екіншіден, байырғы діни сенімдер және кейінгі ислам діни салттарының діни ережелеріндегі шарттарды орындаумен байланысты болып келеді. Бұл да көнеден тамыр тартып келе жатқан ұлттық ділімізге сіңірілген стереотиптер болып шығады. Сондықтан да, бүгінгі таңда осы дәстүрлердің жалғасы сақталып отыр. Бұл діни ұйымдар немесе жеке діни тұлғалардың арасында жиі қайталантын жайт. Әрине, қайырымдылық жасау, әсіресе, материалдық-техникалық көмек деңгейі, мөлшері мен ауқымы, қарқыны мен жиілігі соны атқарушы субъектінің өзіне, материалдық жағдайы мен әлеуметтік мәртебесіне, қызмет орнына, отбасылық жағдайына, т.б. байланысты болып келеді. Елімізде бұндай қайырымдылық жасаушы жеке тұлғалар кездесіп отырады. Дегенмен бұл тұста айта кететін жайт, халқымыздың психологиясына байланысты, олар көп жағдайда жасаған игі істері мен қайырымдылықтарын көпшілікке жария етпеуге ұмтылады. Дегенмен, ақпараттық желілерге, БАҚ-на шолу жасайтын болсақ, біз үшін олар-

ды дәйектемелер ретінде мысалға алуымызға болады: «1990 жылдан бері Халық медицинасы Республикалық орталығының мүшесі, Нострадамус атындағы проскопиялық ғылымдар Халықаралық ғылымдар академиясының академигі Өсеркүл қажы Рыскүлұлы өзі тұрған Қарабұлақ ауылына 650 орындық заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған орта мектеп салдырды. Оның барлық құрылысына жұмсалған 75 млн. теңге қаражатын өз қалтасынан төледі. Осылайша емшіліктен түскен пайдасын теңіздің тамшысындай етіп, үнемдеумен тірнектеп жинады. Асханасын, дәрігерлік бөлмені, ұлдар мен қыздардың шеберхана бөлмелерін өз қаражатына қосымша салдырып жасақтатты... 85 метр тереңдіктен артезиан құдығын қаздырып, 150-дей отбасына ауыз су жеткізді» (Сапарұлы, 2012).

Осындай дін өкілдері, жеке тұлғалардың кең масштабтағы және шағын көлемдегі жүргізіліп жатқан шаралары әлеуметтанулық немесе дінтанулық тұрғыдан жете зерттелмеген мәселелердің бірі.

Оның өзіндік қиыншылықтары да жоқ емес.

- жоғарыда айтқандай қайырымдылық жасаушы субъект өзін жарнамалау мен әйгілеуге қарсы болады;

- шындығында да, қайырымдылық жарнама немесе жариялау үшін емес, оның негізгі мақсаты көмек пен қаржы діндеген жеріне жетіп, мұқтаж адамның оны игілігіне пайдалануы болғандықтан, ақпараттар тарала бермейді.

- қайырымдылық шаралары туралы статистикалық басқару мекемелері олардан есеп сұрамайды. Сондықтан да, оны мемлекет тарапынан реттеу мен есепке алуға да мүмкіндік жоқ;

- бұндай жеке адам қайырымдылықтары ресми емес түрде жүріп отырғандықтан, олардың барлығын зерттеп, тіркеп отыру да мүмкін емес т.б.

Үшіншіден, XX ғасыр соңы мен XXI ғасыр басы адамзаттың өркениетке ұмтылған, ақпараттардың барынша қолжетімді болған ғасыры. Осыған орай, өркениетті елдерді діни немесе дінге қатыссыз болсын, қайырымдылық шаралары ресми түрде жүргізіліп келеді. Гуманитарлық көмек, филантроп, гуманистік қағида т.б. ұғымдар енгізіліп, ол әлемдік тәжірибеде қолданылып және өз нәтижесін беріп те отыр. Дегенмен, бұл тұста, кей жағдайларда діни қайырымдылықтар тасада қалып, еленбей қалып жатқан сияқты. Бұндай шаралардан өркениетке ұмтылып келе жатқандықтан біздің еліміз де осы ағым мен бетталысты бағдарға ұстап, тыс қалмақ емес.

Осыған орай, жаһандану заманындағы әлемдік өркениет көшіне ілесудегі руханияттық сала, оның ішінде, қайырымдылық шараларды арттыру мен көне замандардан бері сабақтасып келе жатқан қайырымдылықтарды ұштастыру сәйкесінше, жаңашылдық пен дәстүршілдіктің үйлесімділігін қайталап тұрғандай болады.

### Қорытынды

Жүргізілген талдау нәтижелері діни қайырымдылықтың Қазақстан қоғамында көпқабатты әлеуметтік-рухани құбылыс екенін көрсетті. Қайырымдылық тек материалдық көмекпен шектелмейтін, оның құрамында рухани, психологиялық және коммуникациялық қолдау формалары да қамтылатын күрделі әлеуметтік тәжірибе болып табылады. Бұл тәжірибе мемлекет, діни ұйымдар және жеке тұлғалар деңгейінде жүзеге асып, қоғамдағы әлеуметтік ынтымақтастық пен гуманистік құндылықтарды сақтауға ықпал етеді. Зерттеу барысында қайырымдылықтың құрылымдық-функционалдық сипаты айқындалды. Қайырымдылық субъектілері әртүрлі әлеуметтік деңгейде әрекет ететіндігі анықталды: мемлекеттік институттар әлеуметтік бағдарламалар арқылы жүйелі көмек көрсетсе, діни ұйымдар қоғамдағы рухани қолдау мен әлеуметтік көмектің дәстүрлі тетіктерін сақтап отыр, ал жеке тұлғалар мен меценаттар қайырымдылықтың ерікті әрі икемді формаларын жүзеге асырады. Осылайша қайырымдылық әлеуметтік ынтымақтастықтың бейресми және ресми формаларын біріктіретін құбылыс ретінде көрінеді.

Сонымен қатар зерттеу нәтижелері қайырымдылық әрекеттерінің мотивациялық негіздерінің әркелкі екенін көрсетті. Бір жағынан, діни сенімдер мен дәстүрлі дүниетаным адамдарды ізгілікке, өзара көмекке және әлеуметтік жауапкершілікке бағыттайды. Екінші жағынан, қайырымдылықтың белгілі бір бөлігі символдық бедел қалыптастыру, әлеуметтік мәртебе нығайту немесе пайда күту сияқты прагматикалық мүдделермен де байланысты болуы мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда квазикайырымдылық құбылысы қоғамдағы моральдық және институционалдық

бақылауды қажет ететін күрделі әлеуметтік феномен ретінде айқындалады. Талдау барысында қайырымдылық мәдениетінің тарихи-өркениеттік негіздері де байқалды. Қазақ қоғамындағы өзара жәрдем, жетім-жесірге қамқорлық, көршілік қолдау, бата беру, басу айту сияқты дәстүрлер діни және этикалық құндылықтардың ұзақ тарихи сабақтастығын көрсетеді. Бұл құбылыс ұлттық мәдени кодтағы этикоцентризмнің көрінісі ретінде қарастырылып, қайырымдылықтың қазіргі қоғамдағы сақталуына рухани-мәдени негіз қалыптастыратыны анықталды.

Қазіргі жаһандану жағдайында қайырымдылықтың институционалдық формалары да өзгеріп отырғаны байқалады. Қайырымдылық қорлары, гуманитарлық көмек бағдарламалары, филантропиялық бастамалар және қоғамдық ұйымдардың қызметі әлеуметтік қолдаудың жана үлгілерін қалыптастыруда. Алайда жеке адамдардың бейресми түрде жүзеге асыратын қайырымдылық әрекеттері статистикалық тұрғыдан тіркелмейтіндіктен, бұл салада жүйелі эмпирикалық зерттеулер жүргізу қажеттілігі байқалады. Жалпы алғанда, Қазақстан қоғамындағы діни қайырымдылық дәстүрлі мәдениет пен қазіргі әлеуметтік институттардың өзара ықпалдасуы нәтижесінде қалыптасқан кешенді құбылыс болып табылады. Ол қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты, рухани құндылықтарды және өзара жауапкершілік мәдениетін сақтауға ықпал ететін маңызды әлеуметтік-рухани ресурс ретінде бағалануы мүмкін.

### Авторлар үлесі

Жақсыбаев Азат Балғабекевич – мақаланың ғылыми тұжырымдамасын айқындау және мәтіннің соңғы нұсқасын редакциялау үдерісіне жауапты.

Жақсыбаев Анар Қанатқысы – дереккөздерді жинақтау мен жүйелеу, рәсімдеуге жауапты.

Әлмухаметов Әли Рауфұлы – мақаланың әдістемесіне жауапты

Фаним Халид – мақала тақырыбы бойынша әдебиеттерге шолу жасау, жарияланымға ұсыну талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету және зерттеу жұмысына қатысу.

### Әдебиеттер

- Muslim (2018, 8 сентябрь). Исламская модель благотворительности. *NDELO*. <https://ndelo.ru/religiia/islamskaya-model-blagotvoritelnosti>
- Ramazan.muftyat.kz (n.d.). *Жақсылық жасаушыға берілетін он сауап*. muftyat.kz <https://ramazan.muftyat.kz/en/ramazan-minberi/zhaksylyk-zhasaushyga-beriletin-on-sauap/>
- Баллюзек, А. Ф. (2006). Мейірбандық пен қайырымдылық, әдептілік пен ізеттілік ережелеріне қатысты әдет-ғұрыптар. In С. Әжіғали (Құраст.), *Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары* (2-том: дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейінгі, 416 б.). Арыс баспасы.
- Биекенов, К., & Садырова, М. (2007). *Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі*. Сөздік-Словарь.
- Валла, Л. (1969). О наслаждении. *Антология мировой философии* (Т. 1, 776 б.). Мысль.
- Ғабитов, Т. Ғ. (2007). Рухани мұраны зерттеудің әдіснамалық мәселелері. *Қазіргі заманғы руханилық мәселесі* (pp. 70–78). СаҒа.
- Добросоцкий, И. А. (1998). *Тайны жизни (Боги и люди)*. НПО «Модек».
- Әлжанов, Қ. М. (1995). Қашқари: дүниетаным айшықтары. *Қазақ даласының ойшылдары (IX–XII ғғ)* (pp. 160). Ғылым.
- Леви-Стросс, К. (2007). *Структурная антропология* (В. В. Иванов, пер.). Директ-Медиа. Доступно по подписке. URL (дата обращения: 21 сентября 2022). ISBN 978-5-94865-964-0.
- Мырзаәлі Қ. (n.d.). *Бір жақсы, бір жаман*. VK. [https://vk.com/wall-87895691\\_30](https://vk.com/wall-87895691_30)
- Мюллер, Ф. М. (2002). *Введение в науку о религии: Четыре лекции, прочитанные в Лондонском Королевском институте в феврале–марте 1870 года* (Е. Элбакян, пер.; А. Н. Красиков, ред.). Книжный дом Университет.
- Серікбай, С. (2012). Ибн-Синаның шәкірті – ғасыр емшісі. *Оңтүстік Қазақстан газеті*, (4), 4.
- Тихонович, Л., & Сучилин, А. (2021). Как оценить эффективность религиозной благотворительности. *Милосердие*. <https://www.miloserdie.ru/article/kak-ocenit-effektivnost-religioznoj-blagotvoritelnosti>
- Фромм, Э. (1990). *Психоанализ и религия. Сумерки богов*. Ф. Ницше, З. Фрейд, Э. Фромм, А. Камю, Ж. П. Сартр. Политиздат.
- Хлякин, О. С. (2004). *Благотворительность как общественное явление: Социально-философский аспект* (канд. дисс., Красноярский государственный университет). Красноярск.
- Шубаева, У. К. (2011). Жаңа діни ағымдардың ілімдерді таратудағы әдістері. In *Қазақстанның әлеуметтік мәдени дамуының перспективалық бағыттары: дөңгелек үстел материалдары* (pp. 68–74). Алматы баспасы.

### References

- Ballyuzek, A. F. (2006). *Mejirbandyq pen qajyrymdylyq, әdeptilik pen izetilik erezhelerine қатысты әдет-ғұрыптар*. In S. Әzhigali (ed.), *Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары* (2-том: дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейінгі, 416 б.) [Customs related to compassion and charity, as well as the rules of politeness and respect. In S. Azhigali (Ed.), *Traditions and Customs of the Kazakh People* (Vol. 2: From Birth to Death, p. 416)]. «Arys» Press. (in Kazakh)
- Biekenov, K., & Sadyrova, M. (2007). *Әleumettanudyң tyсindirme sözdigi* [Dictionary of Sociological Terms] *Sөzdik-Slovar’*. (in Kazakh)
- Dobrosokij, I. A. (1998). *Tajny zhizni (Bogi i lyudi)*. St. Petersburg: NPO «Modek». (in Russian)
- Fromm, E. (1990). *Psihoanaliz i religiya. Sumerki bogov. F. Nicshе, Z. Frejd, E. Fromm, A. Kamyu, Zh. P. Sartr*. Politizdat. (in Russian)
- Hlyakin, O. S. (2004). *Blagotvoitel’nost’ kak obshchestvennoe yavlenie: Social’no-filosofskij aspekt* (канд. дисс., Krasnoyarsk State University) [Charity as a Social Phenomenon: A Socio-Philosophical Aspect (Candidate’s dissertation). Krasnoyarsk State University.]. Krasnoyarsk. (in Russian)
- Levi-Strauss, K. (2007). *Strukturnaya antropologiya* [The structure of Morphology] (V. V. Ivanov, per.). Direkt-Media. Доступно по подписке. URL (дата обращения: 21.09.2022). ISBN 978-5-94865-964-0. (in Russian)
- Loレンco Valla (1969). *O Naslazhdenii*. *Antologiya mirovoj filosofii*. V 4-h tomah. T1. [On Pleasure. In *Anthology of World Philosophy* (in 4 volumes)]. Mysl’. (in Russian)
- Muslim (2018, 8 сентябрь). *Islamskaya model’ blagotvoritel’nosti* [Islamic model of charity]. *NDELO*. <https://ndelo.ru/religiia/islamskaya-model-blagotvoritelnosti> (in Russian)
- Mueller, F. M. (2002). *Vvedenie v nauku o religii: Chetyre lekcii, pročitannyye v Londonskom Korolevskom institute v fevrale–marte 1870 goda* (E. Elbakyan, per.; A. N. Krasikov, ред.) [Introduction to the Science of Religion: Four Lectures Delivered at the Royal Institution in London in February–March 1870 (E. Elbakyan, Trans.; A. N. Krasikov, Ed.)]. Knizhnyj dom «Universitet»: Vysshaya shkola. (in Russian)
- Serikbay Saparyly (2012). *Ibn-Sinanyң shәkirti – ғасыр emshisi* [A Disciple of Ibn Sina – A Renowned Physician of His Century.]. *Оңтүстік Қазақстан газеті*. №4. (in Kazakh)
- Shubaeva, U. K. (2011). *Zhаnа dіni ағымдардың ілімдерді таратудағы әдістері. Қазақстанның әлеуметтік мәдени дамуының перспективалық бағыттары: дөңгелек үстел материалдары* (68–74 бб.) [Methods of Disseminating Teachings of New Religious Movements. In *Prospective Directions of the Socio-Cultural Development of Kazakhstan: Proceedings of the Round Table* (pp. 68–74)]. Almaty Press. (in Kazakh)

Tihonovich, L., & Suchilin, A. (n.d.). Kak ocenit' effektivnosti religioznoj blagotvoritel'nosti [How to Assess the Effectiveness of Religious Charitable Activities.]. *Miloserdie*. <https://www.miloserdie.ru/article/kak-ocenit-effektivnost-religioznoj-blagotvoritelnosti> (in Kazakh)

Ramazan.muftyat.kz (n.d.). *Zhagsylyq jasaushyga beriltin on sauap* [Ten Rewards Granted to a Person Who Performs Good Deeds.]. muftyat.kz <https://ramazan.muftyat.kz/en/ramazan-minberi/zhagsylyk-zhasaushyga-beriltin-on-sauap/> (in Kazakh)

Gabitolov T.G. (2007). Ruhani myranıy zertteudıń әdisnamalyq mәseleleri. Qazirgi zamanғы ruhanilyq mәselesi [Methodological Issues in the Study of Spiritual Heritage. Contemporary Problems of Spirituality]. SaGa. (in Kazakh)

Әlzhанov Қ. (1995). М. Қашқари: dıyetanym aıshyqtary. Qazaq dalasynuń oıshyldary (IV-VII ғғ) [M. Kashgari: My Sources Revealed. Scholars of the Kazakh Steppe (4th–7th centuries)]. Gylım. (in Kazakh)

Qadyr Myrzaәli (n.d.). Bir zhaksy, bir zhaman [A Good One, A Bad One.]. [https://vk.com/wall-87895691\\_30](https://vk.com/wall-87895691_30) (in Kazakh)

**Авторлар туралы мәлімет:**

Жақсыбаев Азат Балгабекұлы – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті ислам ілімдері факультеті дінтану кафедрасының PhD докторанты (Алматы, Қазақстан, e-mail: [azat.zhaksybaev@mail.ru](mailto:azat.zhaksybaev@mail.ru)).

Жақсыбаева Анар Қанатқызы (корреспондент-автор) – PhD, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті филология факультеті шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының аға оқытушысы (Алматы, Қазақстан, e-mail: [muslimka12\\_92@mail.ru](mailto:muslimka12_92@mail.ru)).

Әлмұхаметов Әли Рауфұлы – философия ғылымдарының кандидаты, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті ислам ілімдері факультеті дінтану кафедрасының профессоры (Алматы, Қазақстан, e-mail: [alirau59@mail.ru](mailto:alirau59@mail.ru)).

Ғаним Халид – Әл-Әзһар халықаралық ислам университетінің ислам ғылымдары кафедрасының профессоры (Каир, Мысыр, e-mail: [dr.khaledghanem@hotmail.com](mailto:dr.khaledghanem@hotmail.com)).

**Information about the authors:**

Zhaxsybayev Azat Balgabekuly – PhD Student of the Department of Religious Studies of the Faculty of Islamic Studies, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan, e-mail: [azat.zhaksybaev@mail.ru](mailto:azat.zhaksybaev@mail.ru)).

Zhaxsybayeva Anar Kanatkyzy (corresponding author) – PhD, Senior Lecturer of the Department of Foreign Philology and Translation Studies of the Faculty of Philology, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan, e-mail: [muslimka12\\_92@mail.ru](mailto:muslimka12_92@mail.ru)).

Almukhametov Ali Raufuly – Candidate of Philosophical Sciences, Professor of the Department of Religious Studies of the Faculty of Islamic Studies, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan, e-mail: [alirau59@mail.ru](mailto:alirau59@mail.ru)).

Khaled Ghanim – Professor of the Department of Islamic Sciences, Al-Azhar International Islamic University (Cairo, Egypt, e-mail: [dr.khaledghanem@hotmail.com](mailto:dr.khaledghanem@hotmail.com)).

**Сведения об авторах:**

Жақсыбаев Азат Балгабекоұлы – PhD-докторант кафедрi религиоведения факультета исламских наук Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: [azat.zhaksybaev@mail.ru](mailto:azat.zhaksybaev@mail.ru)).

Жақсыбаева Анар Қанатқызы (автор-корреспондент) – PhD, старший преподаватель кафедры иностранной филологии и переводческого дела факультета филологии Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: [muslimka12\\_92@mail.ru](mailto:muslimka12_92@mail.ru)).

Альмұхаметов Али Рауфович – кандидат философских наук, профессор кафедры религиоведения факультета исламских наук Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: [alirau59@mail.ru](mailto:alirau59@mail.ru)).

Ғаним Халид – профессор кафедры исламских наук Международного исламского университета Аль-Азхар (Каир, Египет, e-mail: [dr.khaledghanem@hotmail.com](mailto:dr.khaledghanem@hotmail.com)).

2025 жылы 7 ақпанда тіркелді.  
2026 жылы 17 наурызда қабылданды.